

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ

«ЖОҒАРЫ КӨЛІК ЖӘНЕ
КОММУНИКАЦИЯ КОЛЛЕДЖІ»
ШЖҚ МКК



ГКП на ПХВ «ВЫСШИЙ
КОЛЛЕДЖ ТРАНСПОРТА
И КОММУНИКАЦИЙ»

АКИМАТА
ГОРОДА АСТАНЫ

БҮЙРЫҚ

20 05 2026 № 07-03/491

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 9-бабына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 сәуірдегі №106-НҚ бұйрығына сәйкес, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ «Заң және тәртіп» қағидаттарын нығайту мақсатында

БҮЙЫРАМЫН:

1. 2025–2026 оқу жылы түлектеріне дипломдарды салтанатты түрде тапсыру рәсімі тек колледж ғимаратында өткізілсін.
2. Бітіру іс-шараларын ұйымдастыруға байланысты білім алушылардан және олардың ата-аналарынан ақша жинауға жол берілмесін.
3. Педагогтерге және білім беру ұйымының өзге де қызметкерлеріне сыйлықтар беруге және олардан сыйлықтар алуға тыйым салынатыны туралы білім алушылар, ата-аналар және қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бота Сайранкокка осы бұйрықтың орындалуын ұйымдастыру тапсырылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау комплаенс-офицер Жанар Жағыпарқызы Кабеноваға жүктелсін.
6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Директордың м.а.

А.Канапина